

REPUBLIC OF TÜRKİYE
GAZI UNIVERSITY
FACULTY OF EDUCATION
DEPARTMENT OF EDUCATIONAL SCIENCES

REVIEW OF THE RESEARCH SUPERVISOR

on the dissertation «Pedagogical methods for the formation of geographical culture in teaching geography in general education schools»

by **Ozerke Amangeldi**,

submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)

in the field of «8D01503 – Geography»


In the course of the doctoral research, Ozerke Amangeldi demonstrated a high level of academic maturity, independence, and consistency in conducting scientific inquiry. The doctoral candidate showed a strong ability to analyze and synthesize a wide range of national and international scientific literature, critically evaluate existing pedagogical approaches, and integrate theoretical concepts with practical implementation in geography education.

The dissertation is devoted to a highly relevant and timely issue in modern pedagogy – the formation of geographical culture among students in general education schools within the process of teaching geography. The relevance of the research is determined by current educational reforms, the requirements of national educational standards, and the global agenda for sustainable development, particularly Goal 4 of the United Nations Sustainable Development Goals – Quality Education.

During the research process, the doctoral candidate conducted a comprehensive review of domestic and foreign studies in the fields of geography education, pedagogical methodology, and educational culture. The author successfully systematized theoretical approaches to the concept of geographical culture and substantiated it as an important pedagogical category, clarifying its content, structure, and role in the system of school geographical education in accordance with the educational policy and regulatory framework of the Republic of Kazakhstan.

A significant strength of the dissertation is its methodological foundation. The author developed a system of pedagogical methods aimed at forming students' geographical culture, supported by a scientifically grounded methodological framework. The research employs a complex of theoretical and empirical methods, including pedagogical modeling, diagnostic tools, experimental teaching, and statistical analysis of the results obtained.

The scientific novelty of the study lies in the theoretical substantiation of the concept of “students' geographical culture” from the perspective of modern pedagogical approaches, the development of improved pedagogical models and methods for its formation, and the alignment of these methods with contemporary educational priorities. Based on the research findings, an author's elective course



was designed, officially registered, and successfully implemented in the educational practice of general education schools during the 2024-2025 academic year.

The practical significance of the dissertation is evident in the possibility of applying its results in the teaching of geography in general education schools, in the development of educational programs, teaching and methodological materials, and elective courses. The research outcomes may also be effectively used in the system of teacher training and professional development. The experimental results convincingly confirm the effectiveness of the proposed pedagogical methods and models.

The doctoral candidate actively disseminated the research results through participation in international scientific conferences and publications, including an article indexed in the Scopus database, co-authored with international scholars. This confirms the international relevance of the research and the academic independence of the author.

Overall, the dissertation represents a completed, original, and methodologically sound scientific work that meets all the requirements for doctoral dissertations. The results obtained are theoretically justified, practically significant, and sufficiently tested in educational practice.

The dissertation of Ozerke Amangeldi meets the established requirements for awarding the degree of Doctor of Philosophy (PhD).



Associate Professor, PhD
Türker Kurt

Gazi University
Faculty of Education
Department of Educational Sciences
Ankara, Türkiye
+90(505)686 10 67
E-mail: turker@gazi.edu.tr

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ
ГАЗИ УНИВЕРСИТЕТІ
БІЛІМ ФАКУЛЬТЕТІ
БІЛІМ БЕРУ ҒЫЛЫМДАРЫ КАФЕДРАСЫ

«Жалпы білім беретін мектептерде географияны оқыту барысында географиялық мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық әдістері»
тақырыбындағы

Амангелди Озеркенін

«8D01503 – География» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Докторлық зерттеу барысында Амангелди Озерке ғылыми ізденісті жүргізуде жоғары деңгейдегі академиялық кемелділікті, дербестікті және жүйелілікті көрсетті. Докторант ұлттық және халықаралық ғылыми әдебиеттердің ауқымды шеңберін талдау мен жинақтауға, қолданыстағы педагогикалық тәсілдерді сыни тұрғыдан бағалауға, сондай-ақ теориялық тұжырымдарды географияны оқытудағы практикалық қызметпен ұштастыруға қабілетті екенін дәлелдеді.

Диссертациялық зерттеу қазіргі педагогикадағы өзекті әрі уақыт талабына сай мәселе – жалпы білім беретін мектептерде географияны оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыруға арналған. Зерттеудің өзектілігі білім беру саласындағы қазіргі реформалармен, ұлттық білім беру стандарттарының талаптарымен және орнықты дамудың жаһандық күн тәртібімен, атап айтқанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттарының 4-мақсатымен – «Сапалы білім» қағидатымен айқындалады.

Зерттеу үдерісінде докторант географияны оқыту, педагогикалық әдіснама және білім беру мәдениеті салаларындағы отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге жан-жақты шолу жасады. Автор географиялық мәдениет ұғымына қатысты теориялық тәсілдерді жүйелеп, оны маңызды педагогикалық категория ретінде негіздеді, оның мазмұнын, құрылымын және мектептегі географиялық білім беру жүйесіндегі орнын Қазақстан Республикасының білім беру саясаты мен нормативтік-құқықтық базасына сәйкес нақтылады.

Диссертациялық жұмыстың елеулі артықшылықтарының бірі – оның берік әдіснамалық негізі. Автор оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер жүйесін әзірлеп, оны ғылыми тұрғыда негізделген әдіснамалық тұғырмен қамтамасыз етті. Зерттеуде теориялық және эмпирикалық әдістер кешені, оның ішінде педагогикалық модельдеу, диагностикалық құралдар, эксперименттік оқыту және алынған нәтижелерді статистикалық талдау кеңінен қолданылған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы «оқушылардың географиялық мәдениеті» ұғымын қазіргі педагогикалық тәсілдер тұрғысынан теориялық негіздеумен, оны қалыптастыруға арналған жетілдірілген педагогикалық модельдер мен әдістерді әзірлеумен және аталған әдістерді заманауи білім беру басымдықтарымен үйлестірумен сипатталады. Зерттеу нәтижелері негізінде авторлық элективті курс әзірленіп, ресми түрде тіркеліп, 2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісінде табысты түрде енгізілді.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде географияны оқытуда, білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік материалдар мен элективті курстарды әзірлеуде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Зерттеу нәтижелері мұғалімдерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде де тиімді пайдаланылуы мүмкін. Эксперименттік зерттеу нәтижелері ұсынылған педагогикалық әдістер мен модельдердің тиімділігін сенімді түрде дәлелдейді.

Докторант зерттеу нәтижелерін халықаралық ғылыми конференцияларға қатысу және ғылыми жарияланымдар арқылы кеңінен таратып отырды. Атап айтқанда, халықаралық авторлармен бірлесіп жазылған, Scopus дерекқорына енгізілген ғылыми мақаланың жариялануы зерттеудің халықаралық деңгейдегі өзектілігін және автордың академиялық дербестігін растайды.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс аяқталған, түпнұсқалық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген ғылыми еңбек болып табылады және докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді. Алынған нәтижелер теориялық жағынан негізделген, практикалық маңызы жоғары және білім беру тәжірибесінде жеткілікті деңгейде сынақтан өткен.

Амангелди Озеркенің диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру үшін белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.

/қолы бар, мөрі бар/
Қауымдастырылған профессор, PhD
Түркер Курт
Гази университеті
Білім факультеті
Білім беру ғылымдары кафедрасы
Анкара қ., Түркия
Тел.: +90 (505) 686 10 67
E-mail: turker@gazi.edu.tr